

## **ТЕРЕҢІМІЗ ЕДІ ҒОЙ ТЕҢІЗ ДЕРЛІК**

Бүгінгі, бұрынғы да ғасырлардың,  
Көкірегіне жинаған асылдарын  
Әл-ағамыз еді ғой бәріміздің,  
Ақтарған заманалар жасырғанын.  
Мақтанымыз еді ғой білмгерлік  
Тереңіміз еді ғой теңіз дерлік.  
Болса да екі ғасыр перзенттері,  
Біз оны Шоқанменен егіз көрдік.  
Шежіреміз еді ғой сарқылмайтын  
Көнекүнді жаңартып алтындайтын.  
Жүйрік еді жүлдесін елге ұсынған  
Мыңмен жалғыз жарысса алқынбайтын.  
Жан еді бояма тон киінбеген  
Шындықтан басқаға иілмеген.  
Әл-ағаңның аузынан шыққан сөзге,  
Кезіміз болыппа еді сүйінбеген.  
Заманы оны құрмет көретұғын  
Заманына ол дағы сенетұғын.  
Кәрі-жас, үлкен-кіші көп ғалымдар,  
Әл-ағаң аузынан дән теретұғын.  
Тарих боп жүрегіңе ол енетұғын,  
Қанымыз.жанымыз да өбетұған.  
Көне заман көмбесін қопарып ап,  
Көз алдыға жайып сап беретұғын.  
Туғанда білім үшін жаралғандай,  
Бір ғылымнан басқаға алаңданбай,  
Тарихтың шыңырауынан шығарушы еді,  
Не бір өткен күндерді тамамдамай  
Қалғанда біз жағаға шұбаланып,  
Әл - ағаң бар ғой деуші ек тұра қалып,  
Шешіліп, шеру тартып жөнелуші ек,  
Шешімін әл-ағаңнан сұрап алып,  
Көгаршын көңіл ақ пейіл ғалым адам,  
Керек-ақ деп тілесе тарих бабам,  
Әл-ағаң сол тілекке адал перзент,  
Өтетін заманға заманадан !

*16 қантар 1985 ж.*